

БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ОБЛЫСТЫҚ АРХИВТИҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ

✚ “Жамбыл облысы мемлекеттік архиві” коммуналдық мемлекеттік мекемесі жақында Жамбыл облысы әкімдігінің цифрландыру басқармасы құрамына өтіп, Жамбыл облысы әкімдігінің цифрландыру және архивтер басқармасы болып аталған.

💡 Құрамына енген жаңа мекеменің ғимаратын, атқаратын қызметімен танысу мақсатында басқарма басшысы Руслан Маскауович Нокрабеков архивке ат басын бұрып, сала мамандарымен танысты.

📌 Мекеме директоры Л.Кожыханова және бөлім басшылары ақпаратты технология бөлімінің құжаттарды сканерлеу, желілік қойма қызметімен, құжаттарды сақтайтын қоймалармен және құжаттарды есепке алу бөлімінің қызметін түсіндірді.

#архив2025

